

Ғылымсыз ғұмыр тұлға
(*Тіней Оразайдың Мұртазасының Файзолласымен сұхбат*)

Тілші: Кенжеке, қазір жұрттың бәрінің көп айтатыны тұрмыс ауыр, жағдай қиын деген сөз ғой. Жеке кісілерге солай болғанда үлкен ғылыми орталыққа да жағдай оңайға түсіп тұрмаған болар.

Көп жерлерде 2-3 айлап жалақы ала алмаушылық жиілеп кетті, кей кәсіпорындар мен өндірістер жабылып жатыр. Ал енді қара шаңырақ – ғылым ордасының тұрмыс-халі қалай, алдағы жоспары жайлы не айтасыз? Экономика жақсармай ғылым жасау деген ойға қонбайды ғой?

Кенжекең: Иә, дұрыс айтасыз. Әзірге күнделікті өмірдің қиыншылығы бізге де соқпай кетіп жатқан жоқ. Жалпы бұл қиыншылықты халықпен бірге, оқу жүйесі, білім жүйесімен бірге көріп келеміз ғой. Ал енді жағдай солай екен деп ғылымды тастап, күнкөрістің қамына бірыңғай түсіп кетіп жатқанымыз да жоқ. Шама келгенінше екі жақты да қатар жүргізіп келеміз. Қазақстан жаңа заманға бет алып бара жатқанда бізге керекті ең басты мәселе халықтың тыныштығы. Бұл - бізді ең алдымен ойландыратын жағдай.

Әрине, ел болған соң, іргелі республика болған соң ғылым, білімсіз өсіп-өнбейтіні де түсінікті. Қазір дейік, келешек үшін дейік ғылымның дамуы қажет екенін де түсіндіріп жатуды керек етпейді. Осы тұрғыда біраз істер атқарылуда. Біріншіден, Қазақстандағы іргелі ғылымдардың сапасын, тиімділігін арттыруға көңіл бөліп отырмыз. Өйткені іргелі ғылым - ғылымдардың ғылымы. Іргелі ғылымы нашар елдің өркениет туралы армандауы мүмкін емес. Демек, іргелі ғылымды сала-салаға бөліп, нақтылай жұмыс жүргізу негізгі шарт болмақ. Мұнда ең алдымен ұйымдастыру жұмысы қолға алынып жатыр. Демек, іргелі ғылымдарымыздың санатын қайтадан сараптап алмақпыз. Осы мақсатта өткен 1994 жылы іргелі ғылымдар бағдарламаларын қайтадан қарап шықтық. Дүниежүзілік деңгейге жақын, ғылымда жаңалық ашатын дегендеріне ерекше көңіл бөлдік. Әрине, жаппай игеруге қаржы жетіспегендіктен әлгіндей етуге мәжбүр болып отырмыз.

Бұрын қабылданған бағдарламалардың біразы Қазақстан жағдайына сәйкес те, біразы сәйкес емес, оның себебі бұрын бағдарламаны жалпы одақтық мұқтаждықты ескеріп жасадық қой. Енді өз республикамыздың мұқтажына орайлас бағдарлама жасау қажет болды. Өз ғылыми-техникалық жетістігімізді көздеу керек. Оны бізге сырттан ешкім жасап бермейді.

Өткен жылы экономикалық-әлеуметтік, ғылыми-техникалық дамудың жолдарына бағытталған біраз шешімдер қабылдадық. Мардымсыз деген көптеген лабораторияларды жаптық. Ал аса қажет деген лабораторияларды жақында ашамыз ба деген талпыныс та бар. Мысалы, мұнай-газ, тағы басқа өндіріске тиімділерін ашу бірінші кезекте тұр. Жаңа ғылыми-зерттеу институттарын ашу жоспары бар. Айталық, машина құрылысы, мұнай мен газ өнімдерін тиімді пайдалану жолдарын қарастыратын институттар ашу сияқты

істер.

Тілші: Институттар ашылар, ал енді солардың ұсыныстарын, ашқан жаңалықтарын өндіріске ендіру жайлы не шаралар жоспарлануда?

Кенжекең: Орынды сұрақ. Бұрын ашылған жаңалықтарды немесе ұсыныстарды өндіріске ендіруде көптеген олқылықтар кетті. Жаңалығымыз, тиімді ұсыныстарымыз өндіріске пайдаланыла бермейді. Өйткені өндіріс орыны сол, айталық, ұсынысты ендіруге жұмсалатын қаржыны қып-қызыл шығын деп есептеді. Оның ертеңгі келтірер пайдасын ескермеді. Бұл Кеңес одағы кезіндегі басқару жүйесінің кемшілігі еді. Нақты шарт былай ғой. Жаңалық ашады екенсің, ол тезірек өндіріске енуі керек, сөйтіп халыққа, экономикаға пайдасын әкелсін, өндірістің технологиялық дәрежесін көтеретін болсын, өнімнің сапасын көтеретін болсын. Қазіргі ғылымдағы бетбұрыс осы шартқа негізделген.

Бұл үшін алдымен өндірістің бүгінгі мұң-мұқтажын білуіміз керек, яғни өндіріспен іштей де, тыстай да байланысты тезірек жақсарту қажет.

Өткен жылы біз ғалымдардың өндіріске ұсынатын жаңа техникалық-технологиялық табыстарымен таныстық, өндіріс өкілдерін шақырып таныстырдық. Өткен бір жылда он екі министр осында болып қайтты. Барлық техниканы шет елдерден әкелгенімізбен жарымаймыз, өзімізде жасауға, өндіруге болатын болса оны шет елден арбалап тасып не керек деген мәселені түсіндірген болдық.

Егемендік деген тек саяси басшылықта ғана болмауы керек. Техника, ғылым саласында да егемендік болуы қажет. Егер өз өндірісіңді өзің жабдықтай алмасаң, басқалардың дәрежесіне жеткізе алмасаң техникалық-ғылыми егемендік туралы сөз болуы мүмкін емес қой. Жалпы техника-технология өзіңнен шығуы керек. Міне, ғалымдарға осыны жүктеу керек, екінші жағынан, ғалымдар сол жүктелген міндетті дұрысымен атқаруы керек. Бұл мәселе наурыз айында академиктеріміз Н.Назарбаевтың қабылдауында болғанда да сөз етілді.

Тілші: Президент алдында өткен әңгімеден де хабардар ете өтсеңіз.

Кенжекең: Біз өндіріске не беруіміз керек, ғалымдардың өндіріске ықпалы қандай болуы керек, өндірістің тиімділігін арттыратын жолдар қандай, ғылыми-техникалық жолдар бар ма, болса қандай деген маңызды мәселелер әңгіме болды. Президентті өзіміз істеп жатқан технологиямен таныстырдық. Ол алтын, күміс алу технологиясы. Платина, тағы сол сияқты өте сирек кездесетін металдарды айыру технологиялары қазір өндіріске еніп жатыр.

Мұнай, газ сияқты мемлекеттік жетекші өндіріс салаларына катализаторлар шығару, полимерлер беру, электрондық бұйымдарға бөлшектер шығару - бұл жағынан бізде технологиялар бар. Осы барымызды айтқанда Нұрекең таң қалып, ойпырмай, осыны біз білмейді екенбіз деп республика бас министрі Әкежан Мағжанұлына тапсырма берді. Бүкіл үкімет құрамы мен өкімет басшылары болып Ғылым академиясына барыңыздар, ғалымдардың істеп жатқан жұмыстарымен танысыңыздар, олардың ұсыныстарын жақсылап біліп алыңыздар, содан кейін бір жоба түзіңіздер, ғылыми ұсыныстарды қалай пайдалана аламыз, керегі бары қайсысы, әзірге

керегі бола қоймайтыны қандай екеніне көз жеткізіңіздер деп тапсырды. Екінші бір мәселе: өндірістің, бүкіл бұрынғы кеңес өкіметіндегі өндірістің, ғылыми-технологиялық жаңалығын қабылдау бейімі нашар, көптеген өндірістің ынта-ықыласы жоқ. Шаруашылық жүйеде әркім ынталы болса ғана шаруа жүреді. Бір негізді насихаттап, уағыздап, соған ынталанатындай шаруашылық жүйесін құру керек. Баяғыда ғылыми-технологиялық революция өндірістен сырттап кетіп бара жатыр, өндіріспен санаспай кетіп барады деп көп айттық қой. Осы мәселе әлі де қалған жоқ, Қазақстан өндірісінде де бар. Айталық, ғылымға әр уақытта қаражат керек, оған үлкен демеу керек. Ал енді өндіріс орыны сол ғылымға қаржысын жұмсап, сол ашқан ғылыми жаңалығын өз жүйесіне ендіріп отырса, жұмсалған қаражаты кейін мың еселеп қайтады ғой. Мұны басқа мемлекеттер баяғыдан бері түсінулі. Өндіріске түскен пайданы егер сен ғылымға арнайтын болсаң, ғылымның дамуына жіберетін болсаң, не ғылыми-техникалық жаңалықты өз өндірісіңе ендіретін болсаң, онда сен соған қанша жұмсадың - сол қаржы салықтан босайды немесе салық жеңілдетіледі. Бұл әлгі мекемеге жасалып отырған ынта. Осындай жүйе бізге де керек. Басты мәселе, мемлекет тарапынан салықты жеңілдету қажет. Осы ілгеріде айтылғандар бізде ғылым жүйесінде қалыптаспаған. Біздің көбіміз келешегімізден гөрі бүгінгі бір күндік олжаға қызығамыз.

Тілші: Кенжеке, манағыдан бергі әңгіме іргелі ғылымдарға, техникаға байланысты ғылымдар жайлы болды ғой. Бұл саланың пайдасын көзбен көріп, қолмен ұстауға болады, яғни қолма-қол берері бар ғылымдар делік. Ал енді әңгімемізді қоғамдық, гуманитарлық ғылымдарға қарай бұрсақ. Бұл жағында нендей істер тындырылуда?

Кенжекең: Біздің Академия ұлттық академия деп аталады. Бұрында да Қазақстан Академиясы еді ғой. Демек, ұлттық дейік, Қазақстан дейік, әйтеуір қазақ ғылымдарының қара шаңырағы деген сөз ғой. Ал енді сол ұлттық академия екенін танытатын ғылым бұл гуманитарлық ғылым ғой. Айталық, химия, математика, физика, жалпы инженерлік, техника ғылымдары жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ. Ал әр ұлттың өзінің ұлттық ғылымы, ол - сол елдің, сол ұлттың тілі, әдебиеті, өнері, тарихы, этно-филологиясы, т.б. Міне, Қазақстан Республикасы Академиясының ұлттық екенін танытатын осы ғылымдар.

Бұл салада атқарылып жатқаны бар, атқарылуын күтіп отырған мәселелер одан да көп. Біз кім екенімізді жан-жақты зерттеп болдық десек, ол тарихымызға, мәдениетімізге қиянат жасағандық. Тіл мемлекеттік мәртебе алды дейміз, алайда соның өзінің зерттелер мәселесі қыруар. Біз халқымызға өз тілін түгел қайтарып бердік дей алмаймыз. Өнер халық игілігі дейміз. Оның да игілігін өзінің ұлттық колоритінде (халықтық қасиетінде) қайтарып беріп түгестік десек бұл да қиянат болар еді.

Қазақ әдебиетін бір кезде жұрдай ете жаздады. Әуірімдеп Ахмет, Мағжан, Міржақып, Әлихандарды қайтарып алдық. Әдебиетіміздің тарихы 6 кітап болып шыққанда бұл есімдерді атауға қорқушы едік. Демек, идеологиялық тұрғыдан сыңаржақ бағаланған әдебиет тарихына да қайта

соғу қажет дер едік. Театр, кино, музыка, архитектура салаларын да бүгінгі көзқарас, бүгінгі тұжырымдамалар тұрғысынан қайта қарау керек дейміз. Міне, көріп отырсыздар, менің айтып отырғаным өткендегі емес, келешектің еншісіндегі істер. Бұл – істегенінен істелері көп деген сөз.

Әлгінде қоғамдық ғылымдардың қаржы жағы деп қалдыңыз ғой. Олар мемлекеттік бюджетте отыр. Ал енді қолынан келетін директорлар болса аздап үстеме-қорек табуына болады. Оның жолдары оншалықты құпия емес.

Тілші: Кенжеке, біраз мәселенің бетін ашып, алдағы жоспар жайлы түсінік бердіңіз ғой. Ал енді бір халқымызға айта кететін мәселе былай: шет елде ғылым университеттерде жасалады екен дейді кейбіреулер. Сөйтіп Академияның рөлін бір саты кері жылжытудан да кет әрі емес.

Кенжекең: Әңгімені қайда бұрып бара жатқаныңызды түсіндім. Ғылымды университеттер ғана емес, жеке кісілер де жасайды. Мәселе онда емес, мәселе соны бір ортаға шоғырландыру, ұйымдастыру және оны елдің, халықтың нақ қазіргі мұқтажын өтеуге бағыттауда.

Осы тұста бір айта өтетін мәселе, көпшіліктің беті ғылымнан гөрі күнкөріске ауып тұр. Бұл, әрине, уақытша нәрсе. Есіңізде болсын, ағайын, бір де бір дамыған ел ғылымсыз, тек саудамен ғана дамып отырған жоқ. Мен айтар едім, ғылымсыз ғұмыр тұл деп. Университеттер ғылымды дамытуға кіріссе оған қуану керек. Демек, Академияға бәсекелес шығады. Ал бұл ұмтылтатын, жарыстыратын мәселе. Алайда әр университет өзінің бірер саласы бойынша кіріседі. Оның негізгі жұмысы кадр даярлау. Олар бізге кадр даярлап берсе, ол да ғылымды дамытқаны.

Тілші: Кенжеке, кадр дегеннен шығады. Жекеменшік дейміз бе, мемлекеттік емес дейміз бе, оқу орындары да кадр даярлап жатыр ғой?

Кенжекең: Мұны мен қолдаймын. Бұл әлемдік тәжірибеде баяғыдан бар. Сіздер жақсы кадр даярласаңыздар Академияға қызметке алуға даярмыз. Бір айтарым, мемлекеттік емес деп менсінбегенді қою керек. Мұны Президентіміз Нұрекең әр кез айтып жүр.

Тілші: Кенжеке, соңғы сауал: Академия институттарына басшы қызметкер тағайындауда, корреспондент-мүше, толық мүше сайлауда жас мөлшері ескерілуі жайлы қысқаша айта өтсеңіз.

Кенжекең: Бұл сұрақ жаңалық емес, оған берілетін жауап та жаңалық болмас. Академияны жасартуымыз керек. Өйткені жас келсе іске деп мен емес, атам қазақ айтқан.

Тілші: Әңгімеңізге рахмет. Қазақы жаңа жылыңыз өз отбасыңызға, академияңызға сәттілік әкелсін, таудай талабыңыз бар екен, енді бармақтай бақ берсін тәңірім.